



**АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

Облыстық «Жасыл балабақша» жобасы аясында
**«БАЛАБАҚШАДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ:
ТӘЖІРИБЕ МЕН ТӘСІЛДЕР»**
тақырыбындағы семинар

БАҒДАРЛАМАСЫ


Ақтөбе қаласы, 2026 жыл

Өтетін орны: Ойыл ауданы «Балдырған» бөбекжай-бақшасы

Өтетін күні: 27.02.2026 жыл

Қатысушылар: мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері

Мақсаты: Экологиялық тәрбие мен адалдықты насихаттау арқылы мектепке дейінгі ұйымдарда жас ұрпақты саналы, жауапты азамат етіп қалыптастыру.



09.50-10.00 Қатысушылардың онлайн тіркелуі
(Инстаграмм парақшасы арқылы тікелей эфир)

10.00-10.05 Алғы сөз
А.А.Искендирова, Ақтобе облыстық әдістемелік орталығының әдіскері, п.ғ.м.

10.05-10.20 Музыкалық сәлемдеме

10.20-10.40 «Экологиялық білім берудегі ойын технологиясы»
Г.Е.Жолбаева, «Балдырған» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі
А.Усенгалиева, «Балдырған» бөбекжай-бақшасының әдіскері

10.40-10.50 «Әсем гүлдер»
Г.Д.Абдрахманова, «Балдырған» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

10.50-11.15 «Жасыл ой-жарқын болашақ» тренинг
А.М.Калиева, «Балдырған» бөбекжай-бақшасының психологі

11.15-11.35 «Stem элементтерін қолдана отырып экологиялық тәрбие беру» ата-аналармен жұмыс
Н.О.Мұқатаева, **Р.Ж.Өткелбаева** - «Балдырған» бөбекжай-бақшасының тәрбиешілері

11.35-11.50 «Жасыл балабқша жағдайында педагогтың экологиялық құзіреттілігін арттыру жолдары» (эксперимент негізінде)
Д.Д.Казыбаева, «Балдырған» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

11.50-12.00 Кері байланыс
Р.Ә.Сенгалиева, Ойыл аудандық білім бөлімінің әдіскері

«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны



Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеті

Тақырыбы: «Экологиялық білім берудегі ойын технологиялары»

Тәрбиешілер: Жолбаева Г.Е

2026 оқу жылы

Тексерілді: 

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
Іс-әрекет түрі: Таным, шығармашылық, экология негіздері

ҰІӘ тақырыбы:		«Экологиялық білім берудегі ойын технологиялары»	
Күні: 27.02.2026ж		Ақпан	
ТОП: «Аққайың»	Ересек тобы		Қатысқан балалар саны: 10
ҰІӘ-нің міндеті:	Балаларды табиғатпен таныстыру. • Табиғатты зиянкестерден қорғау жолдарын, олардың ерекшелігі туралы түсінік беру • Сөйлеу тілін, қимыл-қозғалысын, ойлау қабілетін дамыту • Ойындар арқылы экологиялық түсірік беру		
Күтілетін нәтиже:	«Жәндіктер» туралы қысқаша әңгімелей білу • Жасыл түсті ажырата білу • Қимылды ойын арқылы белсенділігін арттыру. • Дидактикалық ойындар арқылы дамыту		
Тілдік мақсат:	Балаларды бақамен таныстыру, оның тіршілігі, сыртқы ерекшеліктері туралы түсінік беру.		
Өткен ҰІӘ-нен алған білім	Сұрақ – жауап		

ҰІӘ өтілу барысы

Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 3-5 минут	I. Музыка әуенімен Көңілді амандасу. II. Қызығушылықты ояту. Көл жағасына жиналу. Қимылды ойын: «Шыбындар аулау»	АКТ Теледидар, Ойыншықтар, Көлік, сапалақтар.

Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке тәрбиелеу және түстерді, сандарды нысықтау.

Шарты: Балалар сапалақпен түрлі түсті шыбындарды аулау.

АКТ Технологиясы.

2) Бақа қайда өмір сүреді?

/Бақа құрлықта, суда өмір сүреді. Қос мекенді./

3) Бақаның түсі қандай?

/Жасыл/

4) Бақа қалай қозғалады?

/Секіреді/

5) Бақа туралы тақпақ білемізбе?

1) Көлдегі бір жәндік,

Бақылдаған бақа.

Айналасын ән қып,

Жатады күн бата.

2) Бақа жасыл болады,

Секіріп, секіріп қонады.

Көлде жүзіп ойнайды,

Шыбын шіркей аулайды.

3) Бақа, бақа бақылдақ,

Секіреді тақылдап.

Жасыл түсті тон киіп,

Көлде өмір сүріп жүр.

ҰІӘ-нің ортасы

1. Ой дамыту, түсінік беру.

**III. Тақырып
бойынша жұмыс
15 минут**

Бірінші топ: «Кім жылдам» топтық ойын.

Шарты: Түрлі түсті бақалар, түстеріне қарай шариктерді жылдамдықпен жинайды.

Екінші топ: «Сандарды сәйкестендір» жұптық ойын.

Шарты: Таразыны сандар мен бақаларды сәйкестендіріп орналастыру.

Үшінші топ: «Бақаны тамақтандыру» жеке жұмыс

Шарты: Бақалар жылдамдықпен шыбындар карточкасын тілімен құлату.

	Төртінші топ: «Кім епті» Шарты: Бақалар ауыздарымен шариктерді жапсырып, ыдысқа жинау керек. 6) Бақа ханшайымымен би билеу./ «Бақалар» бii/	
IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Қортынды Сұрақ-жауап. Балаларды мадақтау. Ойыншық бақа тарату.	



**«Балдырған»бөбекжай-бақшасы»мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны**

Тақырыбы: «Гүлдер әлеміне саяхат»

Дайындаған:Байманова.А.Г

2026 жыл

серігі: *Ж*

Тақырыбы: «Гүлдер әлеміне саяхат»

Мақсаты:

Балалардың өсімдіктердің өсуі туралы түсінігін тәжірибе арқылы қалыптастыру.

Эксперимент тақырыбы:

«Су мен күннің гүлге әсері»

Эксперимент мақсаты:

Өсімдікке су мен жарықтың қаншалықты маңызды екенін балаларға көрсету.

Қажетті құралдар:

- 2 бірдей гүл немесе тұқым
- 2 құмыра
- Топырақ
- Су
- Белгі қоюға арналған стикер (№1, №2)

Эксперимент барысы:

1-кезең: Отырғызу

Балалар екі құмыраға бірдей гүл отырғызады.

2-кезең: Бақылау бөлу

- №1 гүл – су құйылады, күнге қойылады
- №2 гүл – су құйылмайды немесе қараңғы жерге қойылады

3-кезең: Бақылау

Күн сайын балалармен бірге қарау:

- Қай гүл өсіп жатыр?
- Қайсысы солып қалды?

4-кезең: Қорытынды

Балаларға сұрақ:

- Қай гүл әдемі өсті?
- Неге?

Қорытынды:

Гүл өсу үшін су, жарық, күтім қажет

Балалардың дамуы:

- Бақылау жасау
- Салыстыру
- Қорытынды шығару

Қызықты формат идеясы:

- Балалармен күн сайын фото түсіру ?
- «Гүл қалай өсті?» шағын видео жасау
- Ата-аналарға көрсету


Қосымша ойын:

«Тірі және өлі гүл»

(Балалар тірі гүлді – күлімдеп, өлі гүлді – мұңайып көрсетеді)

Қосымша ұсыныс:

- Әр балаға «Менің гүлім» деп ат қойдыру ?
- Гүлге жауапкершілік беру (су құю кезекшілігі)



**«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорыны**



**Тақырыбы: «Stem элементтерін қолдана отырып
экологиялық тәрбие беру»**

Тәрбиеші: Мұқатаева Н.О.

Өткелбаева Р.Ж.

2026 оқу жылы

Тақырыбы: «STEM элементтерін қолдана отырып экологиялық тәрбие беру»

Мақсаты:

Ата-аналар мен балалардың бірлескен шығармашылық және зерттеу әрекеті арқылы экологиялық мәдениетті қалыптастыру, STEM элементтерін күнделікті өмірде қолдануға үйрету.

Міндеттері:

- Табиғи материалдармен жұмыс істеу арқылы табиғатты аялауға тәрбиелеу
- Баланың шығармашылық, зерттеушілік қабілетін дамыту
- Ата-ана мен бала арасындағы ынтымақтастықты нығайту

STEM БАҒЫТТАРЫ

STEM деген не?

- S – Science (Ғылым): табиғатты тану
- T – Technology (Технология): тәжірибе жасау
- E – Engineering (Инженерия): құрастыру
- M – Mathematics (Математика): санау, салыстыру
- Балалар үшін: ойын + тәжірибе + зерттеу

1-тапсырма: 3D ручкамен суретін салу

Мақсаты:

Балаларға 3D ручка арқылы шығармашылық жұмыс жасау арқылы ұсақ моторикасын, кеңістіктік ойлауын дамытуға, STEM элементтерімен тәжірибе жасауға үйрету, сонымен бірге ата-ана мен баланың бірлескен әрекетін ұйымдастыру.

Міндеттері:

- Баланың шығармашылық қабілетін дамыту.
- Үшөлшемді ойлау мен кеңістіктік қабылдауын жетілдіру.
- Тәжірибе жасау арқылы STEM элементтерін үйрету.
- Ата-ана мен баланың бірлескен әрекетін ұйымдастыру.

Күтілетін нәтиже:

- Балалар 3D ручкамен жұмыс жасауды үйренеді.
- Дайын суреттер көлемді әрі эстетикалық көрінеді.
- Балалардың қиялы мен шығармашылығы артады.
- Ата-аналар үйде бұл әдісті қолдануға дайын болады.

2-тапсырма: «Жіппен өрілген өрмекші»

Мақсаты:

- Баланың ұсақ моторикасын дамыту (саусак бұлшықеттері).
- Шығармашылық ойлау мен түстерді үйлестіру қабілетін арттыру.
- Сабырлық пен зейінін қалыптастыру.
- Кеңістіктік ойлау мен геометриялық түсініктерін дамыту.
- Табиғатқа қызығушылығын ояту

Шарты:

- Балалар ағашқа бейнеленген өрмекші суретін жіппен кескіндеуі керек.
- Жіпті әртүрлі түстерде қолдануға болады.
- Жіпті сурет бойынша нүктелерге немесе штифттерге орап бекіту қажет.
- Өрмекшінің пішіні мен жіптің бағытын бала мен ата-ана бірге таңдайды.

3-тапсырма: “Гүл жасау”

Мақсаты: Ата-аналарды жіппен (жұмсақ, түкті, иілгіш сым) жұмыс жасау арқылы баланың ұсақ қол моторикасын дамытуға арналған шығармашылық тәсілмен таныстыру, экологиялық түсінігін кеңейту.

Міндеттері:


- Баланың ұсақ қол моторикасын дамыту.
- Шығармашылық ойлау қабілетін арттыру.
- Экологиялық мәдениетті қалыптастыру (табиғат материалдарын пайдалану арқылы).
- Ата-ана мен баланың бірлескен әрекетін ұйымдастыру.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ

- Ата-аналар әдісті толық меңгереді
- Үй жағдайында қолдануға дайын болады
- Шығармашылыққа қызығушылық артады

ҚОРЫТЫНДЫ

Ата-ананың қолымен жасалған әр жұмыс – балаға үлгі.
Үйдегі шығармашылық орта баланың дамуына тікелей әсер етеді.



**«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорыны**



**Тақырыбы: «Жасыл балабақша жағдайында балалардың
экологиялық күйреттілігін арттыру жолдары»**

Тәрбиеші: Қазыбаева Д.Д.

2026 оқу жылы

Мәселесі:

Тақырыбы: «Жасыл балабақша жағдайында балалардың экологиялық құзыреттілігін арттыру жолдары».

Мақсаты:

Балабақшада эксперименттік жұмыстар арқылы балалардың табиғатқа сүйіспеншілігін арттыру, зерттеушілік қабілетін дамыту және экологиялық тәрбие беру.

Міндеттері:

Балалардың экологиялық білім деңгейін анықтау.

Эксперименттік жұмыстар арқылы тәжірибелік білігін арттыру.

Балаларға экологиялық тәрбие берудің тиімді жолдарын қалыптастыру.

Эксперименттік жұмыс кезеңдері.

1. Тақырыбы: «Ғажайып көбік шырша» тәжірибесі

Күтілетін нәтиже:

- Балалар ас содасы мен лимон қышқылы араласқанда көбік пайда болатынын біледі.
- Қарапайым тәжірибені бақылап, өз ойларын айта алады.
- «Көбік», «газ», «араластыру», «тәжірибе» сөздерін қолдана алады.
- Зерттеуге қызығушылығы артады.
- Қауіпсіздік ережелерін сақтайды.

Бұл – кішкентай химиялық реакция. Ас сода мен лимон қышқылы араласқанда газ бөлінеді. Сол газ көбік болып шығады.

2. «Гербарилар әлемі»

«Гербарилар әлемі – табиғаттың кептірілген қазынасы»

Мақсаты:

Балаларды өсімдіктер әлемімен таныстыру, гербарий жасаудың жолдарын үйрету және табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.

Күтілетін нәтиже:

- Балалар гербарий ұғымын біледі.
- Өсімдіктерді ажыратып, атауын айта алады.
- Табиғатқа ұқыпты қарауды үйренеді.
- Шығармашылық қызығушылығы артады.

3. Тақырыбы: «Кішкентай жанартау» тәжірибесі

Мақсаты:

Балаларға қарапайым тәжірибе арқылы табиғи құбылыс – жанартаудың атқылауын таныстыру және зерттеушілік қызығушылығын дамыту.

Міндеттері:

- Жанартау туралы қарапайым түсінік беру.
- Ас сода мен сірке суы (немесе лимон қышқылы) араласқанда көбік пайда болатынын түсіндіру.

Күтілетін нәтиже:

- Балалар жанартау туралы түсінік алады.
- Қарапайым тәжірибе жасай алады.
- Өз ойларын айтып, бақылау жасайды.

Тыныс алу жаттығуы.

4.Тақырыбы:«Сиқырлы сықпалы сағыз»

Мақсаты:

Балаларға жұмсақ, созылмалы заттың қасиетін таныстыру, қол моторикасын және сезім мүшелерін дамыту,сонымен қатар тыныс алуы.

Қорытынды.

Балалардың экологиялық құзыреттілігін қайта диагностикалау

Нәтижені салыстыру

Күтілетін нәтиже:

- ✓ Балалардың экологиялық білім деңгейі артады
- ✓ Эксперимент жүргізу дағдысы қалыптасады
- ✓ Балаларға экологиялық тәрбие беру сапасы жақсарады
- ✓ Балабақшада тұрақты «Жасыл орта» қалыптасады.

Қолданылатын әдістер:

Бақылау

Зерттеу

Тәжірибе.

«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» МКҚК



Тақырыбы: «Жасыл ой – жарқын болашақ»

(педагог.арналған психологиялық тренинг.обл. семинар)

Педагог-психолог: А.М.Калиева

2026жыл

Сергіту

Тақырыбы: «Жасыл ой – жарқын болашақ» (педагог арналған психологиялық тренинг)

Мақсаты:

Педагогтардың эмоционалдық ресурсын арттыру

Экологиялық ойлау мәдениетін қалыптастыру

Ұжымда қолдаушы, позитивті орта құру

Кәсіби күйіп кетудің алдын алу

Ұзақтығы: 20- минут

Қатысушылар: 20 педагог

Жүргізуші: Педагог-психолог

ТРЕНИНГ ҚҰРЫЛЫМЫ

Психолог сөзі:

«Бүгін біз табиғат пен адам арасындағы үйлесімділікті өз ішкі әлемімізден бастаймыз».

1. Кіріспе бөлім (5 минут)

«Жасыл есім» танысу жаттығуы

Әр қатысушы өз есіміне табиғатқа қатысты сын есім қосып таныстырады.

2-жаттығу: «Эмоциялық бақ» (5 минут)

Қатысушыларға гүл пішінді парақ беріледі.

- Ортасына – қазіргі көңіл күйі
- Күлтесіне – шабыт беретін 3 нәрсе
- Сабаққа – кәсіби арманы

Психолог түсіндірмесі:

Педагогтың ішкі бақшасы күтімді қажет етеді. Эмоциялық саулық – сапалы тәрбиенің негізі.

3-жаттығу: «Жасыл балабақша – психологиялық қауіпсіз орта» (топтық жұмыс, 10 минут)

3 топқа бөлінеді. Тапсырма:

1-топ: Жасыл балабақшадағы педагог бейнесі

2-топ: Психологиялық жайлы орта белгілері

3-топ: Балалардың экологиялық санасын қалыптастыру жолдары

(Экологиялық білім беру әлемдік деңгейде қолдау табуда. Мысалы, UNESCO тұрақты даму үшін білім беру тұжырымдамасын ұсынады.)

Әр топ өз жұмысын қорғайды.

Сергіту сәті (3 минут)

«Табиғат тынысы» релаксациясы

- Терең тыныс алу
- Көзді жұмып, орманды елестету
- «Мен табиғатпен үндеспін» аффирмациясы

3. Қорытынды бөлім (3 минут)

Қорытынды ой:

«Жасыл ой – бұл тек экология емес, бұл – педагогтың жүрегіндегі мейірім, саналы көзқарас және болашақ ұрпаққа деген жауапкершілік».

Тақырыбы: «Жасыл ой – жарқын болашақ» (педагог арналған психологиялық тренинг)

Мақсаты:

- Педагогтардың эмоционалдық ресурсын арттыру
- Экологиялық ойлау мәдениетін қалыптастыру
- Ұжымда қолдаушы, позитивті орта құру
- Кәсіби күйіп кетудің алдын алу

Ұзақтығы: 20- минут

Қатысушылар: 20 педагог

Жүргізуші: Педагог-психолог

ТРЕНИНГ ҚҰРЫЛЫМЫ

1-бөлім. Кіріспе

Психологтың сөзі:

Қайырлы күн, құрметті әріптестер!

Бүгін біз «Жасыл ой – жарқын болашақ» тақырыбындағы тренингке қош келдіңіздер!

«Жасыл» сөзі – тазалықтың, жаңарудың, өмірдің белгісі. Ал «жасыл ой» – бұл саналы көзқарас, мейірімділік, жауапкершілік. Балаға экологиялық тәрбие беру – ең алдымен өз ойымыз бен ішкі әлемімізді реттеуден басталады.

Бүгінгі кездесуіміз өзімізге үнілуге, ішкі ресурстарымызды табуға және балабақшада психологиялық жайлы орта қалыптастыруға арналады.

«Жасыл есім» танысу жаттығуы

Қазір әрқайсыңыз өз есіміңізді айтып, оған табиғатқа қатысты бір жағымды сөз қосыңыз.

Мысалы: «Күндей шуақты Шолпан».

(Барлығы айтып шыққан соң:)

Рахмет! Байқасаңыздар, әрқайсымыз табиғаттың бір бөлшегіміз. Біздегі жылылық балаларға да беріледі.

2-жаттығу «Эмоциялық бақ»

Әрқайсыңызға гүл бейнесін беремін:

- Ортасына – қазіргі көңіл күйіңізді жазыңыз.
- Күлтесіне – сізге шабыт беретін үш нәрсені белгілеңіз.
- Сабағына немесе жапырағына – кәсіби арманыңызды жазыңыз.

(Жазып болған соң:)

Біздің ішкі бақшамыз күтімді қажет етеді. Егер біз өз эмоциямызды күте білсек, балаларға да жылу сыйлай аламыз.

3-жаттығу «Жасыл балабақша қандай болуы керек?»

Қазір 3 топқа бөлінеміз.

1-топ: Жасыл балабақшадағы педагог бейнесі

2-топ: Психологиялық жайлы орта белгілері

3-топ: Балалардың экологиялық санасын дамыту жолдары

(7 минут уақыт беріледі. Әр топ қорғайды.)

Қорытынды:

Баланың экологиялық мәдениеті – педагогтың жеке үлгісінен басталады.

Сергіту сәті «Табиғатқа хат»

Ыңғайланып отырыңыздар.

Өздеріңізді ормандамын деп елестетіңіз...

Жеңіл самал жел есіп тұр...

Терең тыныс алыңыз...

Барлық шаршағаныңызды сыртқа шығарыңыз...

(1–2 минут тыныс алу жаттығуы.)

Сіз – табиғаттың бір бөлшегісіз. Сізде күш бар.

«Табиғаттың жауабы»

Сәлем, еңбекқор жан!

Мен – Табиғатпын.

Хатыңды алдым. Иә-иә, жел пошташы болып жеткізді

Алдымен мынаны біл: сен кереметсің!

Егер шаршасаң — бұл сенің көп еңбек еткеніңнің белгісі. Тіпті күннің өзі де кешке демалады ғой!

Сен уайымдаған мәселелер?

Олар бұлт сияқты. Біраз тұрады да, кейін өздері-ақ көшіп кетеді. Ал сен — аспансың.

Сен сепкен білім дәндері қазір тыныш жатқандай көрінуі мүмкін. Бірақ сен уайымдама — мен оларды ақырын суарып жатырмын. Бір күні олар сені таңғалдырады!

Сондықтан:

Иығыңды босат,

Терең тыныс ал,

Жымиып қой.

Өйткені сен тек ұстаз емес, сен — шабыт берушісің.

Ал шабыт әрқашан жарқырап тұруы керек

Мен саған күн нұрын, жеңіл самалды және көтеріңкі көңіл-күй жіберіп тұрмын!

Көктем сенің ішінде басталады!

Қорытынды сөз

Құрметті әріптестер,

Жасыл ой — бұл тек табиғатты қорғау емес. Бұл — жүректегі мейірім, сабыр, саналы көзқарас.

Болашақ — бүгінгі біздің ойымыздан басталады.

Сондықтан әр күнімізді жасыл оймен бастайық.

Рахмет сіздерге!